

Евразийский национальный университет  
им. Л.Н. Гумилева  
Экономический факультет  
Кафедра «Государственный аудит»



ТОО «Центр исследований, анализа  
и оценки эффективности»  
Счетного комитета по контролю за  
исполнением республиканского бюджета



**«ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА  
ҚАРЖЫЛЫҚ МОДЕЛІ»**

халықаралық онлайн-конференциясының

**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

17 сәуір 2020 ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной онлайн-конференции

**«НОВАЯ ФИНАНСОВАЯ МОДЕЛЬ В УСЛОВИЯХ РАЗВИТИЯ  
ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ»**

17 апреля 2020 г.

**PROCEEDINGS**

international online conference

**«A NEW FINANCIAL MODEL IN THE CONTEXT OF THE  
DEVELOPMENT OF THE DIGITAL ECONOMY»**

17 April 2020

Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Nur-Sultan, Kazakhstan

УДК 336.11  
ББК 65.261

### Редакционная коллегия:

Профессор кафедры «Государственный аудит» д.э.н., профессор Сембиева Л.М.  
Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макъш С.Б.  
Заведующий кафедрой «Государственный аудит» к.э.н., доцент Бейсенова Л.З.  
Зав.отделом прикладных научных исследований ТОО «Центр исследований, анализа и оценки эффективности»  
Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета, (г.Нур-Султан), к.э.н. Карыбаев  
А. А.  
Руководитель НОД «Учет, анализ и аудит» АО «Университет НАРХОЗ», (г. Алматы), доктор PhD, к.э.н.,  
Джондельбаева А.  
Зам.руководителя Департамента «Учета, анализа и аудита» по научной работе в ФГОБУ ВО «Финансовый  
университет при Правительстве Российской Федерации, (г. Москва), д.э.н., профессор Петров А.М.  
Зам.руководителя департамента «Учета, анализа и аудита» по учебной работе в ФГОБУ ВО «Финансовый  
университет при Правительстве Российской Федерации, (г. Москва), д.э.н., профессор Никифорова Е.В.  
Доцент Черкасского института Государственного высшего учебного заведения «Университет банковского  
дела», (г. Черкассы), к.т.н. Пантелеева Н.Н.  
Заведующий кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита в отраслях народного хозяйства» БГЭУ (г.  
Минск), д.э.н., профессор Панков Д.А.  
Зав. кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический  
университет» (г. Симферополь), д.э.н., профессор Абдуллаев Р.А.  
Доцент кафедры «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-  
педагогический университет» (г. Симферополь), к.э.н., доцент Мандражи З.Р.

**«Цифрлық экономиканы дамытудың жаңа қаржылық моделі»** халықаралық онлайн – конференциясының еңбектер жинағы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020.

**Новая финансовая модель в условиях развития цифровой экономики:** Сборник материалов международной онлайн – конференции. – Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020.

Proceeding international online conference **«A new financial model in the context of the development of the digital economy»** - Nur-Sultan, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2020.

Халықаралық онлайн-конференциясының еңбектер жинағында азаматтардың табыстылығының кепілі болатын және қазіргі әлемнің сұрауларына жауап бере алатын, цифрлық экономиканы дамыту кезінде жаңа қаржылық моделін жасау бойынша өзекті мәселелер қарастырылған

В сборнике материалов международной онлайн – конференции рассмотрены актуальные вопросы формирования новой финансовой модели, в условиях развития цифровой экономики отвечающей вызовам современного мира и обеспечивающей залог успешности государства через повышение благосостояния граждан.

Materials of the international online conference address the current issues of a new financial model in the context of the development of the digital economy responding the modern world challenges and providing a key to success of the state in increasing the welfare of citizens

УДК 336.11  
ББК 65.261

ISBN 978-601-337-321-8

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020  
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020  
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2020

механизма субъектов хозяйствования на принципах маркетинга // Вектор науки Тольяттинского государственного университета. Серия: Экономика и управление. 2016. №3(26). С. 46-50.

3. Тешев В.А., Бабалян Э.Б., Блягоз З.У., Нагоев А.В., Шелехова Л.В. Проникновение цифровых технологий в жизнь – характерная особенность будущего мира. URL: <http://www.rusnauka.com/pdf/236635.pdf>.

4. НПП, НЭП «Союз «Атамекен» (<http://atameken.kz>)

5. <https://kapital.kz/business/71103/tsifrovizatsiya-kak-trend-razvitiya-effektivnogo-biznesa.html>

6. Деркачева В.В., Денисенко И.А. Разработка научно-обоснованной методики оценки конкурентоспособности предприятий АПК // Краснодар, 2010. С. 376-386

7. Ведель Т.Х., Каннан З.Ч. Аналитика маркетинговой среды // Журнал маркетинга. 2016. 80(6). С. 97-121.

8. Ламбертон Э.А., Стивен М.Т. Тематическое исследование цифровых, социальных сетей и мобильного маркетинга. Исследование эволюции с 2000 по 2015 год и повестка дня для будущих исследований // Журнал маркетинга. 2016. 80(6). С. 146-172.

9. Ядав С.М., Павлоу Т.К. МИЗ-маркетинг в компьютерных средах: синтез исследований и новые направления // Журнал маркетинга. 2014. 78(1). С. 20-40.

## **МЕМЛЕКЕТ АКТИВТЕРІН БАСҚАРУДА ТИІМДІЛІК АУДИТІНІҢ ОРНЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОЛДАНЫСЫ**

*Беделова Д.Х., Абжалова Б.А.*

Бірінші курс докторанттары

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.,

Қазақстан Республикасы

E-mail: [danara\\_b@mail.ru](mailto:danara_b@mail.ru), [baran-abzhalova@mail.ru](mailto:baran-abzhalova@mail.ru)

**Аннотация.** Қазақстан экономикасының қазіргі даму жағдайында мемлекеттік активтерін басқару мақсаттары өзгертілуде. Болып жатқан өзгерістерде тиімділік аудитін іске асыру да ерекше маңызға ие. Оның миссиясы мемлекет пен қоғам атынан мемлекеттік активтерді басқарудағы билік органдарының қызметіне тәуелсіз объективті жария бақылауды және тиімділігін бағалауды қамтамасыз ету болып табылады.

Сондықтан мемлекет активтерін басқарудың тиімділік аудитін ұйымдастыруда халықаралық деңгейде де, ұлттық деңгейде де бірізділік болу керек. Себебі тиімділік аудиті арқылы мемлекет активтерін басқарудың сыртқы мемлекеттік бақылауы жүзеге асырылады, оның мақсаты - қойылған әлеуметтік-экономикалық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік қаражатты пайдалану тиімділігіне тәуелсіз және объективті баға беру болып табылады.

**Түйін сөздер.** Мемлекеттік аудит, тиімділік аудиті, мемлекет активтерін басқару, сыртқы мемлекеттік аудит

Егемендік алғаннан бастап Қазақстанда мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі қалыптасты және ол бұзушылықтарды анықтап, оларға ықпал ету шараларын жасауға бағытталған. Қазіргі уақытқа дейін бұл жүйе дамып келді. Дегенмен де, мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі бюджет қаражаттарын тиімсіз пайдалану немесе бұзушылықтардың болуын тексерістен кейін ғана анықтауға бағытталған, ал бұл мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру үшін сәйкес келмейтін жүйе болып табылады.

Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары өз есептерінде бюджет қаражаттарын тиімсіз немесе мақсатқа сай емес пайдалану, бұзушылықтар сияқты ақпаратты ашады да, ал бұзушылықтардың сипаты және бюджет қаражаттарын тиімсіз пайдалану себептері туралы мәліметтерді қамти алмайды.

Сондықтан мемлекет активтері мен қаражаттарын басқару бойынша қызметті ұйымдастыру тиімділігі мен қаржылық тәртіп деңгейін көтеру белгілері болмады. [1]

Осыған орай, ҚР Президентінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі №634 Жарлығымен Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу Тұжырымдамасы бекітілді, онда негізгі қағидаттар мен жалпы тәсілдер, сондай-ақ мемлекеттік қаржылық бақылауды дамыту және елде мемлекеттік аудитті енгізу кезеңдері көрсетілген. Тұжырымдаманы іске асыру үшін 2015 жылғы 12 қарашадағы "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" ҚР Заңы әзірленді және қабылданды.

«Мемлекеттік аудит» - арнайы конституциялық органның қоғамның атынан жүзеге асыратын сыртқы, тәуелсіз бақылау жүйесі үшін халықаралық аудиторлық қоғамдастықта қабылданған атау. Мемлекеттің ұлттық ресурстарын мен активтерін, ел бюджетін басқаруға байланысты қызметі сыртқы аудиттің объектісі болып табылады. [2]

Мемлекеттік аудит қызметін, халықаралық қағидаттары мен стандарттарын белгілейтін қалаушы құжаттарды Халықаралық жоғары аудит органдары ұйымы (INTOSAI) шығаратын жоғары аудит органдарының халықаралық стандарттары (ISSAI) болып табылады.

ISSAI 100 «Мемлекеттік сектордағы аудиттің негізгі қағидаттары» құжатында мемлекеттік аудит қаржылық есептілік, сәйкестік және тиімділік аудиті типтеріне жіктелінген [3], ал тиімділік аудиттің өзі ISSAI 300 "Тиімділік аудитінің негізгі қағидаттары" [4], ISSAI 3000 "INTOSAI аудит стандарттарына және практикалық тәжірибеге негізделген тиімділік аудитін жүргізу жөніндегі стандарттар мен басшылықтар" [5], ISSAI 3100 "Тиімділік аудитінің негізгі ұғымдары бойынша басшылық" [6], ISSAI 3200 "Тиімділік аудитінің процесі бойынша басшылық" [7] халықаралық стандарттарын басшылыққа алады.

ISSAI 300 халықаралық стандарттары тиімділік аудитінің «3E» (economy, efficiency, effectiveness) деп аталатын негізгі қағидаттарын анықтайды: үнемділік, тиімділік және нәтижелілік.

Үнемділік қағидаты аудит объектісінің тиісті қаржылық, материалдық, еңбек ресурстары мен басқа да активтерді қажетті мөлшерде, оңтайлы құны бойынша, жақсы сапасы бойынша сатып алуын бағалауға бағытталған.

Шығындардың тиімділігі қағидаты қаржы ресурстарының ең аз мөлшерін пайдалану арқылы ең жоғары нәтижелерге қол жеткізілгендігін анықтауға мүмкіндік береді. Тиімділік критерийі қолда бар ресурстарды сандық, сапалық және уақытша есептеуде күтілетін нәтижелерге (кейде түпкілікті деп аталатын) қаншалықты жақсы түрлендіретінін анықтау болып табылады.

Нәтижелілік қағидаты-жұмсалған ресурстардың түпкілікті немесе жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуді анықтау процесін білдіреді.

Тиімділік аудиті тиімділік, үнемділік, өнімділік көрсеткіштерінің көмегімен қаржы ресурстарын, мемлекеттік меншікті, бюджет қаражаттары мен мемлекет активтерін басқарудың нәтижелілігін бағалауға мүмкіндік береді.

Демек, мемлекеттік аудит салық салудан және басқа көздерден алынған қаражат, ресурстар мен мемлекет активтерін пайдаланғаны үшін жауап беретін орта болып табылады және оларды пайдалану мен басқаруда тиімді, нәтижелі және үнемді етіп атқаратынына қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етеді.

Осыған орай, мемлекет активтерінің кез келген елдің экономикасының ажырамас бөлігі, оның шаруашылық қатынастар жүйесіндегі тірек буыны болып табылатынын ескере кетсек, мемлекет активтерін басқаруда тиімділік аудиті ерекше мәнге ие. Сондықтан ИНТОСАИ Нұсқаулығы 9160 «Мемлекет активтерін тиісті мемлекеттік басқаруды нығайту: Іске асырудың басшылық қағидаттары» [8] құжатын INTOSAI жұмыс тобы әзірлеп, мемлекеттік құрылымдарда мемлекет активтерін тиісінше басқару, есептілік, ашықтық және сатылмаушылықты күшейту қажет деп таныды.

Бұл нұсқаулықтың негізгі тұжырымдамасы қоғам мен мемлекеттің тұрақты дамуы үшін алдын ала жағдайдың жасалуын білдіреді. Ол елдің ресурстарын, мемлекет активтерін құзыретті басқаруды және дұрыс, ашық, есеп беретін, тең құқықты болып табылатын және адамдардың қажеттіліктерін ескеретін нысандағы мемлекеттік міндеттерді білдіреді. Сондықтан тиісті басқаруды іске асыру сыбайлас жемқорлыққа немесе өзге де әдепсіз мінез-құлыққа қолайлы емес және олар үшін жағдай жасамайтын ортаны құрады. Осы мағынада активтерді басқару мемлекеттік және жеке секторларда тиісті басқарудың ажырамас элементі болып табылады.

Мемлекет активтері болашақта экономикалық игіліктер алуы күтілетін қаржылық, материалдық немесе тіпті материалдық емес ресурстар болып табылады. Мемлекет активтерін басқару құзіретті органдардың қатысуын және азаматтардың үміттерін ескереді, яғни мемлекет активтері міндетті түрде қоғамдық мүдденің болу тұжырымдамасын білдіреді.

Сондықтан мемлекет активтерін басқару жүйесі есептілік қағидатына негізделеді. Тиімділікті өлшеу осындай есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады, яғни белгіленген мақсаттармен салыстырғанда бағдарламаның, қызметтің, жобаның және/немесе активті пайдаланудың нәтижелері өлшенетін процессі: активтер мақсаттарға қол жеткізуге қаншалықты тиімді ықпал етеді;

жобаларды басқару қаншалықты табысты жүзеге асырылады, оның ішінде мұндай басқару белгіленген шектерге, кестеге және бюджетке сәйкес жүзеге асырылады ма және тәуекелдерді басқару тиімді жүзеге асырылады ма; сондай-ақ жеке активтер өзінің талап етілетін техникалық сипаттамаларына жауап бере ме.

Тиімділікті өлшеу әрбір мемлекеттік мекеменің есеп берушілік жүйесінің құрамдас бөлігі болуға тиіс. Жүйе тиімділіктің бастапқы көрсеткіштерін қамтуы және олардың кейінгі мониторингін, өлшеуді, бағалауды және қайта қарауды көздеуі тиіс.

Мемлекет активтерін басқарудың тиімділік аудитінің басты мақсаты үнемді, нәтижелі және тиімді басқаруын қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен қатар ол есеп беруге және ашықтыққа ықпал етеді, қоғамға пайда әкелуі мүмкін және жақсарту үшін барынша әлеуетке ие салаларда шоғырланады.

Тиімділік аудиті Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Заңының 3-бабының 3-тармағында мемлекеттік аудиттің бір типі ретінде жіктелініп, тиімділік аудиті - бұл мемлекеттік аудит объектісінің қызметін тиімділік, үнемділік, өнімділік, нәтижелілік тұрғысынан бағалау және талдау деп анықталған. Сондай-ақ «ЗЕ» қағидаттары да осы Заңда көрініс тапқан [9].


Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 5-НҚ қаулыға 1-қосымшасы «100. Тиімділік аудитін жүргізу бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына» сәйкес тиімділік аудитін жүргізудің бір бағыты мемлекет активтерін басқару болып табылады, осыған сәйкес бұл - мемлекет активтерін шоғырландырудан, активтерді тану, есепке алу және шығару бойынша қағидалардан бастап мемлекет активтеріне меншік құқығы берілген, пайдалану және өкімдік ету құқығы бар барлық адамның мемлекет активтерін пайдалану практикаларына дейін - мемлекет активтерін басқару қағидаттары мен тәртібін айқындайтын заңнама талаптары түсінігін зерделеуді және (немесе) меңгеруді болжайды. Мемлекеттік аудиторлар және сарапшылар мемлекет активтерін пайдаланушылар қолданатын мемлекет активтерін басқару саясаты, қағидалары және практикалары, сондай-ақ мемлекет активтерін басқару процесінің барлық қатысушылары арасында кұзыреттерді, өкілеттіктерді және жауаптылықты бөлу тәртібі бөлігінде хабардар болуы тиіс делінген.

2017 жылғы 13 қазандағы республикалық бюджет атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті Төрағасының бұйрығымен бекітілген №137-н-қ «Мемлекет активтерін пайдаланудың тиімділік аудитін жүргізу бойынша әдіснамалық нұсқаулығында» мемлекет активтерін пайдаланудың тиімділік аудиті мемлекет активтерін пайдалану қағидаттары мен тәртібін айқындайтын заңнама талаптарын зерделеуді және түсінуді меңзейді – меншік құқығы, мемлекет активтерін пайдалану құқығы және билік ету құқығы берілген барлық

тұлғалардың (мысалы, сенімгерлік басқару шарттары шеңберінде мемлекет активтерін пайдаланатын мемлекеттік кәсіпорындар немесе жеке компаниялар) мемлекеттік активтерді тану, есепке алу, есептен шығару жөніндегі қағидаларды және мемлекеттік активтерді пайдалану практикасын зерделеуі тиіс делінген.

Нұсқаулықта мемлекет активтерін пайдаланудың тиімділік аудитінің үш тәсілдемесін де анықтаған: нәтижеге бағдарланған тәсілдеме; проблемаға бағдарланған тәсілдеме; жүйелік тәсілдеме. Бір аудиторлық іс-шара шеңберінде екі немесе барлық үш тәсілдің комбинациясы пайдаланылуы мүмкін.

### Мемлекет активтерін пайдаланудың тиімділік аудитінің тәсілдемелері сызбасы [10]



Сонымен қатар Нұсқаулықта "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 200-бабына сәйкес, мемлекеттік мүліктің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік мүліктің тізілімі жүргізілетіні айтылады және бұл деректер мемлекеттік активтер саласында мемлекеттік аудитті жүргізу процесінде де пайдалануға жататындығы айтылған.

Мемлекеттік мүлік тізілімі дегеніміз [www.gosreestr.kz](http://www.gosreestr.kz) мекенжайы бойынша орналасқан ақпараттық портал болып табылады.

Сонымен қорытындылай келе, тиімділік аудитінің мемлекет активтерін басқарудағы мақсаты жаңа ақпарат, талдау немесе жаңа пысықтаулар және мүмкіндігінше, жақсарту бойынша ұсыныстар жасау, мемлекет активтерін үнемді, нәтижелі және тиімді басқаруды қамтамасыз ету болып табылады. Тиімділік аудиті жаңа пайдалы ақпарат немесе білім мен ұсынымдарды мына жұмыстар негізінде жасайды: жаңа кең ауқымды және терең талдау, сондай-ақ жана көзқарас ұсыну; аудиторлық дәлелдемелерге негізделген тәуелсіз және беделді қорытындылар жасау; аудиторлық зерттеулер қорытындыларын талдау негізінде жасалған ұсынымдар.

## Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі №634 «Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығы
2. Мемлекеттік аудит теориясы. - Астана: республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті. 2018. – 328с.
3. ISSAI 100 «Мемлекеттік сектордағы аудиттің негізгі қағидаттары»
4. ISSAI 300 "Тиімділік аудитінің негізгі қағидаттары"
5. ISSAI 3000 "INTOSAI аудит стандарттарына және практикалық тәжірибеге негізделген тиімділік аудитін жүргізу жөніндегі стандарттар мен басшылықтар"
6. ISSAI 3100 "Тиімділік аудитінің негізгі ұғымдары бойынша басшылық"
7. ISSAI 3200 "Тиімділік аудитінің процесі бойынша басшылық"
8. ИНТОСАИ Нұсқаулығы 9160 «Мемлекет активтерін тиісті мемлекеттік басқаруды нығайту: Іске асырудың басшылық қағидаттары»
9. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңы
10. 2017 жылғы 13 қазандағы республикалық бюджет атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті Төрағасының бұйрығымен бекітілген №137-н-қ «Мемлекет активтерін пайдаланудың тиімділік аудитін жүргізу бойынша әдіснамалық нұсқаулығы»
11. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы
12. [www.gosreestr.kz](http://www.gosreestr.kz)

## НАЛОГОВОЕ АДМИНИСТРИРОВАНИЕ

*Бекболсынова А.С.*

магистр экономических наук

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан,

Республика Казахстан

E-mail: Bekas.ast@mail.ru

**Аннотация.** Мақалада салық заңнамасын жетілдіру контексіндегі Қазақстан Республикасындағы салықтық әкімшілендірудің ерекшеліктері, мемлекеттік бюджетті толықтырудағы салықтық басқарудың рөлі және қазіргі кездегі проблемалар анықталған

**Аннотация.** В статье рассмотрены особенности налогового администрирования в Республики Казахстан в контексте совершенствования налогового законодательства, роль налогового администрирования в пополнении государственного бюджета и выделены существующие проблемы на сегодняшний день